

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б. 389-392.

АСТЫҚ ӨНДІРІСІН ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ОРНАЛАСТЫРУДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН НЕГІЗДЕУ МӘСЕЛЕСІ

Қали А.Т., магистрант,

Астық өндірісін әрі қарай дамыту ҚР-ның аграрлық саласының халықаралық кеңістіктегі бәсекелестік қабілеттілігін арттырудың аса маңызды проблемаларының бірі. Өндірістің тиімділігін көтерудің басты шарты – шаруашылықтарда іс жүзіндегі табиғи және әлеуметтік – экономикалық потенциалдарын толық пайдалану болып табылады [1].

Аталған потенциал негізінен екі факторлармен себептеледі. Олардың біріншісі - табиғи факторлар (топырақ құнарлылығы, бедер және табиғи-климаттық жағдайлар, ал екіншісі - әлеуметтік-экономикалық факторлар (территорияның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдармен жабдықталуы, еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі) [2].

Территорияның жалпы ресурстік потенциалын қалыптастыратын ауылшаруашылық өндірісінің экономикалық тиімділігіне айтарлықтай күшті ықпал жасайтын кеңістік факторларға бір жағынан, табиғи жағдайлар (ылғал мөлшері, температуралық және жел соғу режимдері; топырақтың құнарлылығы және территорияда таралуы; жер бедері; жер асты және жер беті суларының жату ерекшеліктері; өсімдік жамылғысы), екінші жағынан - әлеуметтік-экономикалық факторлар (халықтың қоныстану жүйесі, елді мекендердің орналасуы және жабдықталу деңгейі, шаруашылықтардың жермен және өндірістік қорлармен қамсыздандырылғандығы, өндірістің салалық құрамы, олардың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылыммен жабдықталуы), кеңістік факторлар – жер пайдаланушылықтардың аудандары, алаптық құрамы және шаруашылық орталықтарының орналасу сипаты [3].

Әртүрлі жерге орналастыру іс-қимылдарының нәтижесінде пайда болатын әлеуметтік-экономикалық эффект бір қатар ұйымдастыру-шаруашылық, экономикалық және техникалық шаралардың дұрыс орындалуына байланысты [4].

Солардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- тауарлы дақылдардың егістіктерін жеке шаруашылықтарда барынша шоғырландыру;
- шаруашылықтарды қызмет көрсету және өнім тапсыру пунктеріне барынша жақындата орналастыру;
- а.ш. дақылдардың егістерін топырақтың территорияда таралуына және сапасына қарай тиімді орналастыру.

Аса маңызды жағдайлардың бірі тауарлы ауылшаруашылық дақылдарды ең құнарлы топырақтардың таралуына қарай орналастыру. Бір қатар кәсіпорындардың территориясында бонитет балының - табиғи құнарлықтың бидайдың түсімділігіне әсер етуі талданды (1-кесте).

1-кесте Әкімшілік аудандар бойынша топырақтың табиғи құнарлылығының бидайдың түсімділігіне әсер етуі

Ретт. №	Объектілер атауы	Бидайдың көпжылдық орташа түсімділігі, ц/га	Бидайдың ұсыныс бойынша түсімділігі, ц/га	Түсімділік қосымы, ц/га
1	Орташа Астрахан аудан.шаруашылықтары бойынша	12,1	13,0	0,8
2	Орташа Зеренді аудан.шаруашылықтары бойынша	13,2	13,9	0,7
3	Орташа Ерейментау аудан.шаруашылықтары бойынша	9,7	10,3	0,6
4	Орташа Есіл аудан. шаруашылықтары бойынша	12,7	13,6	0,9
5	Орташа Егіндікөл аудан.шаруашылықтары бойынша	8,5	8,9	0,4
	Орташа	11,2	11,9	0,6

Кестенің мәліметтері бойынша түсімділіктің орташа артуы 0,6 ц/га құрады және орташа топырақ құнарлылығының бір бонитет балына жоғарлауы бидай түсімділігінің 0,26 ц/га өсуін себептейді екен. Бұл облыс көлемінде астық өнімнің жалпы көлемі 75-80 мың т. артты деген сөз. Осы талдаудың нәтижелері бойынша тауарлы а/ш дақылдардың егістіктерін жеке шаруашылықтарда барынша шоғырландыру ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігіне күшті ықпал жасайды. Есептеулерге қарағанда, бидайдың түсімділігі жыртылған жердің ауданының 5 мың гектардан 30 мың гектарға дейін өсуі түсімділіктің 1,6ц шамасында артуын қамтамасыз етеді (2-кесте). Бастысы бұл қосымша материалдық және қаражаттық шығынды талап етпейді [5].

Бұл жағдайда ең маңыздысы – астық егіншілігі дәнді дақылдар монокультурасынан арылып, жыртылған жердің экологиялық тепе теңдігін,

мал азығы дақылдарының аудандарын кеңейту арқылы тұрақтандыруға қол жеткізу.

2-кесте Егіс жерді шоғырландырудың бидай түсімділігіне ықпал етуі

Егістіктің ауданы, мың га	Дәнді дақылдардың орташа түсімділігі, ц/га
5-10	7,7
10-15	8,5
15-20	8,9
20-30	9,3

Шаруашылықтардың өнімді тапсыру және сервистік орталықтарына дейінгі қашықтығы өндірілетін өнімнің өзіндік құнына айтарлықтай жоғары деңгейде әсер етеді. Жоғарыда ауылшаруашылық өндірісте жүкті тасымалдауға кететін өндірістік шығындардың өнімнің өзіндік құнындағы үлес салмағы 25 %-ға дейін жетеді екені айтылған болатын. Сондықтан жер пайдаланушылықтар мен жер иеліктерін орналастырған кезінде бұл мәселеге ерекше көңіл болу қажет. Есептеулердің көрсетуінше өнімді тапсыру пунктеріне дейін қашықтықтың өсуі, орташа есеппен, астықтың өзіндік құнының 8-10% артуын себептейді (3-кесте).

Агроқұрылымдардың өнім тапсыру және қызмет көрсету орындарына жақындау орналастыру жұмыс уақытын үнемделуін, өнімнің сапасын сақтап қалуын едәуір деңгейде қамтамасыз етеді.

3-кесте Астықтың өзіндік құнының оны тапсыру пунктерінен қашықтығына қарай өсуі

Рет №	Аудан	Бидайдың қалыптасқан өзін. құны, ц/теңге	Қашықтықтың өсуінен кейінгі өзіндік құн, тг	Бидайдың өзіндік құнының өсімі, %
Зеренді ауданы	1187	48	1267	14,2
Сандықтау ауданы	1148	40	1256	7,7
Шортанды ауданы	1228	46	1294	8,7
Орташа	1182	44	1269	10,6

Қарастырылып отырған жұмыста жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін бойынша территорияның жалпы табиғи және әлеуметтік - экономикалық потенциалы негізінде астық өндірісін орналастыру келесідей әдістемелік жүйелілікте жүргізілуге тиісті:

- 1) облыс территориясының табиғи және әлеуметтік – экономикалық жағдайларын зерттеп талдау;
- 2) әкімшілік аудандардың жер сапасын, климаттық және т.б. жағдайларын талдай отырып, оның табиғи потенциалын анықтау;
- 3) әкімшілік аудандардың өндіргіш күштертерінің элементтерін ескере отырып, оларды талдау негізінде оның әлеуметтік-экономикалық потенциалын анықтау;
- 4) әкімшілік аудандардың жалпы табиғи және әлеуметтік - экономикалық потенциалын анықтау;
- 5) осының негізінде облыстың астық өндірісін орналастыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мусина С. Оценка природных условий зерновых хозяйств Акмолинской области. «Сәкен тағылымы-6» атты республикалық ғылыми-теоретикалық конференцияның материалдары, Астана. 2010ж. 149-150 б.
2. Хибатдолда Н. Ел экономикасын дамыту – аймақтардың территориялық даму жағдайын көтеруден басталады. «Сәкен тағылымы-6» атты республикалық ғылыми-теоретикалық конференцияның материалдары. Астана, 2010ж., 30-31 б.
3. Жаломский В. Землеустройство как фактор повышения конкурентоспособности зерновых хозяйств. «Сәкен тағылымы-6» атты республикалық ғылыми-теоретикалық конференцияның материалдары. Астана, 2010ж.,130б.
4. I Williamson, S Enemark, J Wallace, A Rajabifard. Land administration for sustainable development [Текст]. ESRI Press Academic, 2010.
5. Problem of the hroliferacion of private land ownership appointments in the republic of Qazaqstan and methodological basis of certification РФ, Омск, ФГБОУ ВО Омского ГАУ, 2017